



Адақанов Қойбақ

1905 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Ағаштыкөл елді-мекенінде туған. 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, соғыста 384-атқыштар дивизиясы құрамында қатардағы жауынгер болған. 1943 жылы Ленинград түбінде болған шайқаста ауыр жараланып, елге оралған. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және көптеген мерекелік медальдармен марапатталған. Көп жыл колхоз, совхозда жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан. 1998 жылы қайтыс болған.



